



Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2024 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1206 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2024 жылға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың 4 және 5-тармақтарында көзделген заң жобаларын қоспағанда, Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспарда айқындалған айдың 1-күнінен кешіктірмей және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда айқындалған айдың 1-күнінен кешіктірмей ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмысын үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 1206 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2024 жылға арналған жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.08.2024 № 667; 24.09.2024 № 775; 10.10.2024 № 836; 28.10.2024 № 892; 09.12.2024 № 1043 қаулыларымен.

| Р/с № | Заң жобасының атауы | Әзірлеуші мемлекеттік орган | Ұсыну мерзімі | | | Заң жобаларын сапалы әзірлеуге және уақтылы енгізуге жауапты тұлға |
|----------|---------------------------|-----------------------------------|---------------|--------|-----------|---|
| | | | Әділетмині | Үкімет | Парламент | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|----|---|------------|--------|-------|-------|------------------------|
| 1. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Әділетмині | қаңтар | ақпан | сәуір | Б . Ш . Жақселекова |
| 2. | Нысаналы капитал қорлары (ҒЖБМ эндаумент-қорлар) туралы | ҒЖБМ | қаңтар | ақпан | сәуір | Т . И . Ешенқұлов |
| 3. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нысаналы капитал қорларының қызметі (ҒЖБМ эндаумент-қорлар) мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ҒЖБМ | қаңтар | ақпан | сәуір | Т . И . Ешенқұлов |
| 4. | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2025 – 2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы | ҰЭМ | шілде | тамыз | тамыз | А.К. Әмрин |
| 5. | 2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы | Қаржымині | тамыз | тамыз | тамыз | А . Бейсенбекұлы |
| | Қазақстан Республикасы | | | | | |

| | | | | | | |
|----|---|------------|--------|-------|----------|----------------|
| 6. | ның кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ҚМА | маусым | шілде | қыркүйек | Ұ.Е. Раисов |
| 7. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ЦДИАӨМ | маусым | шілде | қыркүйек | Қ. А. Төлеушин |
| 8. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Әділетмині | маусым | шілде | қыркүйек | А. Қ. Мұқанова |
| 9. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.09.2024 № 775 қаулысымен. | | | | | |

| | | | | | | |
|-----|--|-----|----------|-------|-----------|---------------------|
| 10. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.09.2024 № 775 қаулысымен. | | | | | |
| 11. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.09.2024 № 775 қаулысымен. | | | | | |
| 12. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | МАМ | шілде | тамыз | қазан | Е . Ш . Әліқұлов |
| 13. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.10.2024 № 892 қаулысымен. | | | | | |
| 14. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.09.2024 № 775 қаулысымен. | | | | | |
| 15. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 10.10.2024 № 836 қаулысымен. | | | | | |
| 16. | Кәсіптік парасаттылыққа тестілеу туралы | СҚА | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Ұ . С . Сарқұлов |
| 17. | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік парасаттылыққа тестілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | СҚА | қыркүйек | қазан | желтоқсан | Ұ . С . Сарқұлов |
| 18. | Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1043 қаулысымен. | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚМА – Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

СҚА – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК